



ЛУДОМАНИЯ ЕМДЕЛЕ МЕ?

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ОЙЫНМЕН ОЙҒА ЖЕТЕЛЕГЕН

6-БЕТ | БІЛІМ



ТҮМАДАН ҚАНЫП ІШТІ...

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Әрбір адам өзінің халқы үшін қызмет етсе, оның ісі үй ішіне де, ағайын-туысына да, халқына да пайдалы болады. Демек, Отанды, ұлтты жаңғырту үшін әр адам өзіне тиістіні сеніммен атқаруы керек.

Ғұмар ҚАРАШҰЛЫ

№141
(4729)
Сейсенбі
26 қараша
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Биыл елордада 17 жаңа мектеп ашылды. Оның ішінде Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жаңа үлгідегі 10 мектеп пайдалануға берілді. Бұл – мектеп құрылысы бойынша абсолютті рекорд.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ



ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА – ҚҰТ

2024 жылы 16535 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, «қандас» мәртебесін алды.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың 45,9 пайызы – Қытайдан, 39,2 пайызы – Өзбекстаннан, 5,8 пайызы – Моңғолиядан, 5,2 пайызы – Түрікменстаннан, 2,8 пайызы – Ресейден және 1,1 пайызы басқа елдерден қоныс аударды. Еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар – 57,4 пайызды, еңбекке қабілетті жастағы кішілер – 33,2 пайызды, ал зейнеткерлер 9,4 пайызды құрады. Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңіріне қоныстанды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 144,9 мың этникалық қазақ оралды.



МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ ЕСКЕРТЕДІ

27-28 қарашада елорда көшелерінің жекелеген бөлігінде көлік құралдарының жүруіне уақытша шектеу қойылады деп хабарлады Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі.

«Шетел мемлекет басшыларының қатысуымен өтетін ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік кеңесі отырысын өткізу және оған әзірлік аясында 2024 жылы 27-28 қарашада елорда көшелерінің жекелеген бөлігінде көлік құралдарының жүруіне уақытша шектеу қойылады. Әзірлік шараларында ҚР арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау және Қарулы Күштер ресурстарын, оның ішінде әскери авиация мен техниканы пайдалану көзделген. Сонымен қатар 27 қарашада Астана қаласының аспанында ҚР ҚМ майдан авиациясының ұшуы жоспарланған. Елорда тұрғындары мен қонақтарынан халықаралық деңгейдегі маңызды оқиға уақытында өтетін қауіпсіздікті қорғау шараларына түсіністікпен қарауды сұраймыз» делінген ведомство хабарламасында.



ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕР ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛАДЫ

Қазақстан Үкіметі 2024 жылғы 20 қарашадағы «Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы» қаулы қабылдады.

«Заңда белгіленген тәртіппен 2025 жылы әскери қызметке жарамды және оны өтемеген запастағы офицерлер 24 ай мерзімге әскери қызметке офицерлік лауазымдарға шақырылсын» делінген құжатта. Барлығы 915 адам шақырылады, оның ішінде: ҚР Қарулы Күштері,

басқа да әскерлері мен әскери құралымдары – 700 адам; ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі – 80 адам; ҚР Ішкі істер министрлігінің Ұлттық ұланы – 131 адам; ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі – 4 адам. Қаулы 2024 жылғы 3 желтоқсанда күшіне енеді.



«ASTANA AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

24-25 ҚАРАШАДА АСТАНАДАН **10 000** ТЕКШЕ МЕТРГЕ ЖУЫҚ ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 519.72 \$ USD/KZT 498.34 ₪ RUB/KZT 4.85 ¥ CNY/KZT 68.79

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЕЛ ҚОРҒАНЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Министр Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған қызметі туралы есеп берді.

Мемлекет басшысына бөлімшелердің жауынгерлік дайындығы мен Қарулы Күштер қатарына күзгі шақыру науқанының нәтижелері, сондай-ақ әскери қызметтегі тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға, әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен жалақысын арттыруға бағытталған шаралар жөнінде баяндалды. Армияның жауынгерлік әлеуетін кезең-

кезеңімен көтеру және әскерді даярлаудың жаңа тәсілдеріне көшу мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Руслан Жақсылықов мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындалу барысы туралы баяндап, әскердің қару-жарақ пен техниканың жаңа үлгілерімен, атап айтқанда, ұшқышсыз басқарылатын авиациялық жүйелермен, радиоэлектрондық күрес кешендерімен жарақтандырылып жатқанын хабардар етті. Бұдан бөлек, жауынгерлік машиналарды және байланыс құралдарын жаңғырту, рационализаторлық жұмысты, сондай-ақ әскери

инфрақұрылымды дамыту мәселелері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бітімгерлік контингентінің БҰҰ аясында Голан жоталарында атқарып жатқан қызметі маңызды екенін атап өтті.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев министрге отандық қорғаныс кәсіпорындарымен өзара ықпалдастықты жандандыру, аумақтық қорғаныс пен арнайы операция күштерін дамыту, әлеуметтік-құқықтық жұмысты күшейту жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ БАЯНДАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі әлеумет және еңбек салаларын дамыту бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың есебі мен алдағы жоспары жөнінде ақпарат берілді.

Мемлекет басшысына атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері ұсынылды. Бұл шаралар әлеуметтік қолдаудың тиімділігін арттырып, көмектің тиісті азаматтарға дәл жетуін көздейді.

Светлана Жақыпованың

азірленген. 2030 жылға дейінгі инклюзивті саясат тұжырымдамасы аясында мүгедектіктің әлеуметтік-құқықтық қорғау моделіне көшу енгізіліп жатыр.

Президентке халықты жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар жөнінде баяндалды. Министрдің айтуынша, биыл 804 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Олардың ішінде 200 мыңнан астамы жастар. Ал 9 мыңға жуық азамат, соның ішінде мүм-

тімділігін арттыру мақсатында әзірленген «Жобалардың инновациялық навигаторы» қанатқақты жобасы туралы баяндалды. Аталған жүйе мамандарға деген сұранысты талдап, болжайды, сондай-ақ жобалардың тиімділігіне мониторинг жасап, сапасын қадағалайды және үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Министр еңбек жанжалдарының алдын алуға көмектесетін Еңбек тәуекелдерінің



айтуынша, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды лицензиялау жүйесі енгізіледі. Бұл мақсатта кәсіби стандарттар мен оқыту модульдері

кіндігі шектеулі азаматтар мен ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналары бизнес идеяларын жүзеге асыру үшін грант алды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа сапалы жоспарлау мен мемлекеттік инвестициялардың

цифрлық картасының жұмысына тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік саясатты жетілдіру және әлеумет және еңбек салаларындағы шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

АВТОТҰРАҚТАРДЫ ӘКІМДЕР ҰЙЫМДАСТЫРАДЫ

Әкімдерге автотұрақтарды ұйымдастыру және олардың санаттарын айқындау қағидаларын бекіту құзыреті берілмек. Бұл жайында Мәжіліс депутаттарының сауалына Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың жауабында айтылған.

«Қазіргі уақытта автотұрақтарды (автомобиль қоятын орындарды) ұйымдастыру тәртібі Алматы және Астана қаласы аумағында ғана әкімдердің қаулыларымен бекітілген. Қағидаларға орай автотұрақтарды (автомобиль қоятын орындарды) ұйымдастыру және пайдалану құрылыс нормаларының, өрт қауіпсіздігі саласындағы техникалық регламенттердің, санитариялық және экологиялық нормалардың талаптарына сәйкес, сондай-ақ жер учаскесінің нысаналы мақсатын сақтай отырып жүзеге асырылады. Астана қаласы әкімдігінің ақпараттына сәйкес, ақылы коммуналдық автотұрақтар қаланың орталық аудандарында, халықтығы шоғырланған нүктелері

көлік тораптарында, сауда, ойын-сауық орталықтарында, әкімшілік кешендерде және тағы да басқа жерлерде орналасқан» деді бірінші вице-премьер жауабында.

Оның атап өтуінше, елорданың шекаралас аудандарында және әлеуметтік маңызы бар объектілерде (аурухана, емхана, мектеп, балабақша және т. б.) және тұрғын үйлердің аулаларында ақылы коммуналдық автотұрақтар жоқ. Ақылы коммуналдық автотұрақтарға іргелес орналасқан үйлердің тұрғындарына тегін тұрақ құқығын беретін резиденттік абонементтер беріледі.

«Алматы қаласы әкімдігінің ақпаратына сәйкес, ақылы коммуналдық автотұрақтар

қаланың тарихи іскерлік орталығында, сондай-ақ көрікті жерлерге жақын аумақта орналасқан. Шымкент қаласында және басқа облыстарда автотұрақ ұйымдастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық акт жоқ. Осыған орай, қазіргі уақытта Мәжілісте қаралып жатқан астананың және республикалық қалалардың дамуы мәселелері бойынша заң жобасы аясында облыс, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін автотұрақтарды (автомобиль қоятын орындарды, паркингтерді) ұйымдастыру және олардың санатын айқындау қағидаларын бекіту құзыретін беру бөлігінде заңнамалық түзетулер енгізу көзделген» деді Роман Скляр.

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды.

Ақорданың хабарлауынша, заң азаматтардың, қандастардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға қатысты мемлекеттік қолдау тетігін жетілдіруге бағытталған.

Түзетулердің бірінші блогы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Отбасы банк» негізінде тұрғын үй кезегіне қоюды, есепке алуды және бөлуді бір орталықтан жүзеге асыратын кешенді даму және қолдау институтын құруды көздейді. Сонымен қатар «Отбасы банк» жеке тұрғын үй қорынан

жалға алынған тұрғын үй үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялауды, жеңілдетілген ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беруді жалғастырады. «Отбасы банк» тұрғын үйі бөлу кезінде баспанаға мұқтаж азаматтарды есепке қою күні мен табыс деңгейін ескереді. Бұл, бірінші кезекте, тұрғын үй кезегінде ұзақ уақыттан бері тұрған адамдарды баспанамен қамтуға мүмкіндік береді.

Түзетулердің екінші блогында тұрғын үйге мұқтаж адамдар үшін қосымша кепілдіктер

енгізу қарастырылған. Түзетулердің үшінші блогы мемлекеттік қолдау шаралары аясында берілген тұрғын үйді иелену және пайдалану тетігін регламенттейтін ережелерді толықтырып, нақтылайды.

Түзетулердің төртінші блогы жер заңнамасының жекелеген ережелерін, құрылыс, жеке тұлғалардың депозиттеріне кепілдік беру саласындағы заңнамаларды жетілдіруге бағытталған.

Заңның мәтіні баспасөзде жарияланды.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Астанада он жетінші жаңа мектеп ашылды. Бұл – елорда үшін абсолютті рекорд. Осы жайында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында жазды.

Қасым Қайсенов көшесіндегі №4/1 мекенжайында орналасқан жаңа оқу орны «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған. Ол мектеп оқушыларына қажет нәрсенің бәрімен жабдықталған.

Мемлекет басшысының «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында елордада жаңа үлгідегі 10 мектеп салынып, есігін айқара

ашты. Ұлттық жоба аясында 2024-2025 жылдар аралығында жаңа форматтағы 24 мектеп салынады. Осы мектептердің өзі екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді.

«Жыл соңына дейін тағы бірнеше мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Осылайша, тағы 4 мектептің үш ауысымды оқыту

проблемасы, сол сияқты тығыздылығы жоғары 3 мектептің қиындығы шешіледі. Біз сондай-ақ алдағы жылдарға да дайындалып отырмыз. 2025 жылы тағы 20-дан астам мектеп салып, пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Оқу орындарының құрылысына жеке инвестициялар да тартамыз» деді Жеңіс Қасымбек.



№141 (4729) 26/11/2024 Сейсенбі

ТӘУЛІК БОЙЫ ТАЗАРТУДА



Елорданың коммуналдық қызметтері тәулік бойы ауысымдық режимде қар тазалау жұмысын жүргізіп жатыр.

25 қарашада күндізгі ауысымда қала көшелерінің қары мен мұзын күреуге 3 мыңнан астам жол жұмысшысы және 1100-ден астам арнайы техника шықты. Қар полигонына мыңнан астам ауыр жүк рейсімен 10 мың текше метрге жуық қар шығарылды.

Қар түскелі бері қала аумағынан 50 мыңға жуық рейс

арқылы 560 мың текше метр қар шығарылды.

Сарыарқа ауданының коммуналдық қызметтері ауданды қардан тазалау жұмысын күшейтілген режимде жалғастыруда. Қаланы қардан тазарту маусымы басталғалы бері ауданнан 116 мың текше метрден астам қар арнайы полигонға шығарылды. Қар тазалау

жұмысына 110-нан астам арнайы техника жұмылдырылды. Тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында жұмыс үздіксіз жүргізілуде.

Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қоғамдық көлік көп жүретін көшелер тазартылуға. Сондай-ақ қарқыны орта-

ша учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар, аялдамалар мен тротуарлар қардан тазартылып жатыр.

Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

БАЛАЛАР БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Астанада кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, балалардың бақылаусыз қалмауын қадағалау мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» жедел алдын алу іс-шарасы өтті.



Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазір қоғамдағы өзекті мәселенің біріне айналып отыр.

Жедел алдын алу іс-шарасын өткізу кезінде елордалық аудандардың ПБ ЖПКБ ЮПБ қызметкерлері кәмелетке толмағандарды, ПОО есебінде тұрған отбасыларды, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайлардағы отбасыларды тұрғылықты жері бойынша тексерді. Соңғы кездері кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың көбеюіне байланысты балалардың түнгі уақытта үйден тыс жерде, ойын-сауық орындарында жүру фактісі анықталды.

Алматы ауданы әкімі аппараты әлеуметтік сала бөлімінің бас маманы Аида Мендібаеваның айтуынша, кәмелет жасына толмаған баланың түнгі уақытта үйде отырмауы, әрине, дұрыс емес.

– Жалпы бала үшін, ең қауіпсіз жер – өз отбасы. Әсіресе түнгі уақытта кәмелет жасына толмаған баланың қауіпсіздігіне алаңдау қажет. Халық даналығы «Қызды қырық үйден тый» дейді. Ұлдың да, қыз баланың да тәрбиесі отбасында қалыптасады. Ол тәрбие өз ортасында, қоғамда сына-

лады. Діңгегі мықты ағашты қандай дауыл тұрса да құлата алмайтыны секілді, тәрбиесі мықты адамды жаһандық жат ағым да, теріс идеология да жеңе алмайды. Сондықтан ата-аналарға айтарым, баланы мықты ету, тұлға етіп тәрбиелеу сіздің ғана қолыңыздан келеді, – дейді Аида Серікқызы.



Нұра ауданында өткен кезекті түнгі рейдке аудан әкімдігінің мамандары, прокуратураның, ювеналды полиция және полиция басқармасының қызметкерлері қатысты. Олар ішкі істер органдарында есепте тұрған жағдайы төмен отбасылардан шыққан кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайдағы отбасылардың өмір сүру жағдайына тексеру жүргізді. Бұл ретте сауда-ойын-сауық орталықтары мен компьютер клубтары сияқты қоғамдық орындарды тексеруге ерекше назар аударылды. Мұндай іс-шаралардың мақсаты балалардың құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз ету екенін ескере келе, Нұра ауданы полиция басқармасының ювеналды полиция инспекторы, полиция майоры Ұлбосын Мұсабекова рейд қорытындысы бойынша 13 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын айтты.

– «Баланың бас ұстазы – ата-анасы» деген сөз бар. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаса, есейе келе тәртібі қиындап, оқу үлгерімі нашарлап кетеді. Мұндай жағдайларда «не істеу керек?» деген ой туады. Әрине, ата-аналар балаларының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, оны қадағалап отыруы қажет. Тәрбие беруде ешқандай үзіліс, демалыс күндер деген болмайды. Қысқасы, ұлды тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қызды тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Ата-аналар осыны ұмытпаса екен, – деді Ұ.Мұсабекова.

Іс-шара барысында полиция басқармасына 94 кәмелетке толмаған жеткізілді. 88 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабы 2, 3-бөлігі бойынша (кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта тұрғын үйден тыс жерде болуы) кәмелетке толмағандар ПОО-ға орналасты. Іс-шара жыл соңына дейін жалғасады.

2024 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша елорда аумағында 4100-ден астам интернет-алаяқтық дерегі тіркелді. Оның 730-ы бойынша қылмыстық іс ашылып, сот органдарына жіберілді. Бұл туралы коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы ПД Криминалдық полиция басқармасының жедел уәкілі, полиция аға лейтенанты Айдар Қонысбек мәлімдеді.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Астанада жыл басынан бері интернет-алаяқтықпен айналысқан 67 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, ал басқа да фактілер бойынша тергеу әрекеті жалғасуда. Келтірілген залал 3 млрд теңгеден асады, оның 424 млн теңгесі өтелді.

– Астана қаласының тұрғынына белгісіз адам хабарласып, өзін телефон операторының қызметкері ретінде таныстырған. Әрі қарай қолданыстағы SIM-картаның мезгілі өтіп бара жатқанын айтып, пайдалану мерзімін ұзарту үшін телефон нөміріне



Криминалдық полиция басқармасының жедел уәкілі алаяқтар банк карталарының дерегін алудың түрлі әдісін ойлап тапқанын атап өтті.

– Алаяқтар өздерін банк, құқық қорғау органдары немесе ұялы байланыс операторы ретінде таныстырып, түрлі себеп айтады. Мысалы, қазір алаяқтарды ұстау бойынша арнайы операция өтіп жатыр деп алдап, соған орай телефонға хабарлама арқылы келген құпия сандарды айтуды өтінеді. Онлайн-платформаларда жоқ тауар мен қызметті ұсынып, алдын ала төлем жасауды, сонымен бірге жалған жеткізу қызметін ұсынып, сілтеме арқылы деректерді толтыруды сұрайды. Осылайша, адамның жеке дерегіне қол жеткізеді. Кейде ақша көбейтудің жалған жолын ұсынып, бағалы қағаздар мен криптовалютаға тиімді инвестиция жасауға болатынын айтады. Алаяқтар сайттар жасап, ойдан шығарылған сауда-саттық ұйымдастырып, толықтырулар мен кірістер туралы мәліметтер көрсетеді.

Қылмыскерлер WhatsApp мессенджерінің аккаунтына заңсыз кіру әрекетін де жасап жатыр. Онда зиянды сілтемені пайдаланып, әлеуметтік желідегі аккаунтын иемденіп алады. Сол адамның атынан барлық нөмірге жазып, қарызға ақша беруін сұрайды. Міне, осындай алаяқтық түрлері қазір жиі кездеседі, – деді аға лейтенант.

Полиция басқармасы өкілінің айтуынша, елорда тұрғыны алаяқтардың арбауына түсіп, 2 миллиард теңгесінен айырылған.

Келген құпия санды айту-ды сұраған. Қала тұрғыны алаяқтың айтқанына сеніп, хабарлама арқылы келген сандарды айтқан. Кейін тұрғынға басқа біреу хабарласып, өзін банк қызметкері деп таныстырған. Оған «Жаңа ғана алаяққа алданып қалдыңыз, ақшаңызды қауіпсіз жерге аударыңыз» деп сендірген. Елорда тұрғыны алаяқтың айтқанына көніп, ол жіберген шотқа 2 миллион 100 мың теңге ақша аударып жіберген, – деді полиция өкілі.

Қазір интернет-дүкендердің қызметі тұтынушыларға түрлі мүмкіндік қарастырып қойған. Дегенмен алаяқтар интернет-дүкендерін пайдаланып, жеке тұлғаларды алдап, ақша жымқырып жүр. Жергілікті уәкілдің айтуынша, елорданың тағы бір тұрғынына белгісіз нөмір хабарласып, интернет-дүкен атынан автокөлік ұтып алғанын жеткізген. Жәбірленушіге көлікті рәсімдеу және сақтандыру үшін ақша керекін айтып, 600 мың теңгеге алдап кеткен.

– Жыл басынан бері Астанада 900-ден астам түрлі заңсыз мазмұндағы сайт бұғатталуға жіберілді. Жалпы интернет-алаяқтықтың алдын алуға болады. Ол үшін күмән тудыратын сілтемелерге өтпеу керек. Ешкімге жеке дерек туралы айтпау қажет. Тауарларды әртүрлі интернет-алаңында сатып алатын кезде алдын ала төлем жіберу үшін мәліметтердің түпнұсқалығына көз жеткізген жөн. Әлеуметтік желідегі жеке мәліметтерді сақтау үшін қиын құпиясөздер қою қажет, – деді Айдар Қонысбек.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

